

Смағұлова Г.С.,
Сермағамбет Ү.М.

**Жоғары білім беру жүйесінің
бәсекеге қабілеттілік
көрсеткіштерін талдау**

Қазақстан алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – экономикада күшті ғылыми-білімдік фундамент қалыптастырып, жоғары білім саласындағы барлық кемшіліктерді жою болып табылады. Осы тұста, жоғары білім саласын халықаралық кеңістіктегі бәсекеге қабілеттілікті жоғарылатудағы басты құрал ретінде қарастыру керек.

Еліміздің әлемдегі 30 бәсекеге қабілетті мемлекеттер қатарына қосылуы тек ғылымды қажетсінетін білімге ие, жоғары кәсіби мамандардың болуымен ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл өз кезегінде нарықтық экономиканың шарттарына жауап бере алатын тиімді білім жүйесін қажетсінеді. Жоғары білім – ұлттық капиталды қалыптастырудың маңызды көзіне ие және мемлекет қызметінің басымдылығы – білім бөлігіндегі адами капиталға үлес қосу болып табылады. Әлемдік рейтингтердегі жоғары білімнің бағалану дәрежесі және олардың Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігіне әсер етуі мемлекеттің бастамаларын таңдауда үлкен мәнге ие.

Түйін сөздер: Білім саласы, бәсекеге қабілеттілік, көрсеткіштер, адами капитал, халықаралық рейтингтер, кәсіби даярлық деңгейі.

Smagulova G.S.,
Sermagambet U.M.

**Analysis of the factors of
competitiveness of the higher
education system**

One of the main problems facing the economy, the formation of a strong scientific and educational foundation, to remove all deficiencies in the area of higher education. At the same time, higher education must be seen as a key tool in enhancing the competitiveness in the international space. The list of the 30 most competitive countries of the world high-tech knowledge can be carried out only in the presence of highly qualified specialists. This, in turn, be able to meet the conditions of a market economy requires an effective education system. Higher education is an important source of domestic capital and the priority of the government to contribute to education in terms of human capital. Measured in the world ranking of higher education and their impact on the competitiveness of the country is of great importance in the selection of initiatives.

Key words: Education, competitiveness, productivity, human capital, international ratings, the level of training.

Смағұлова Г.С.,
Сермағамбет Ү.М.

**Анализ факторов
конкурентоспособности
системы высшего образования**

Одним из основных проблем, стоящих перед экономикой – формирование сильного научно-образовательного фонда для искоренения недостатков в области высшего образования. В то же время, высшее образование должно рассматриваться как ключевой инструмент в повышении конкурентоспособности в международном пространстве. Хай-тек знаний может осуществляться только в присутствии высококвалифицированных специалистов. Это, в свою очередь, состояние удовлетворить условия рыночной экономики требует эффективной системы образования. Высшее образование является важным источником формирования отечественного капитала, а приоритет правительства – внести свой вклад в образование с точки зрения человеческого капитала. Измеряется в мировом рейтинге высшего образования и степень их влияния на конкурентоспособность страны, что имеет большое значение в выборе инициатив.

Ключевые слова: образование, конкурентоспособность, производительность, человеческий капитал, международные рейтинги, уровень профессиональной подготовки.

**ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ
ЖҮЙЕСІНІҢ БӘСЕКЕГЕ
ҚАБІЛЕТТІЛІК
КӨРСЕТКІШТЕРІН
ТАЛДАУ**

Елдің экономикалық дамуына және оның бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторларға: ұлттық экономиканы макроэкономикалық бағалау, ғылыми-техникалық әлеует, елдегі компаниялардың басқарылуы, еңбек ресурстарының жеткілікті және кәсіби деңгейде болуы, мемлекеттік саясаттың бәсекеге қабілеттілікке ықпалы, капитал нарығының сипаттамасы және қаржы жүйесінің тиімділігі мен сапалылығы, инфрақұрылым жағдайы, бизнестің басты қажеттіліктерін ресурстармен қамтамасыз ету, ел ішіндегі саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайлар жатады. Осы аталған факторлардың барлығы елдегі адам капиталының дамуы мен жағдайына келіп тіреледі. Елдегі адам капиталының дамуы төрт топқа біріктірілген елуден астам көрсеткіштермен сипатталады. Олар:

1. Білім беру (жоғары, орта, бастауыш) және кәсіби дайындық.
2. Денсаулық, физикалық және психологиялық жағдай
3. Жұмысбастылық пен жұмысқа орналасу.
4. Инфрақұрылым, құқықтық қорғалу, әлеуметтік ұтқырлық.

Ұлттық экономика үшін жоғары білімнің бәсекеге қабілеттілікке әсер ету деңгейін анықтау үшін көптеген халықаралық рейтингтердің нәтижесін қолдануға болады. Қазіргі таңда, әлемде бәсекеге қабілеттіліктің маңызды және көпшілік таныған бәсекеге қабілеттілік рейтингтері болып келесілер табылады:

1. Ғаламдық бәсекеге қабілеттілік индексі (Бүкіләлемдік экономикалық форум);
2. Ғаламдық бәсекеге қабілеттілік рейтингі (Менеджмент дамуының халықаралық институты);
3. Адамзат дамуының индексі (БҰҰ даму бағдарламасы);
4. Инновациялардың ғаламдық индексі (халықаралық бизнес мектеп INSEAD, Франция);
5. Білім экономикасының индексі (Дүниежүзілік банк).

Бүкіләлемдік экономикалық форум бәсекеге қабілеттілікті мемлекеттің өнімділік деңгейін анықтайтын және өз кезегінде халықтың өмір сүру деңгейінің тұрақтылығына әсер ететін, экономикалық және қоғамдық-саяси институттар, стратегиялар мен факторлардың жиынтығы ретінде қарастырады. Басқа сөзбен айтқанда, бәсеке қабілеттілігі жоғары экономика өзінің азаматтарына неғұрлым жоғары табыс үшін жағдай жасауға тырысады. Сонымен қатар, өнімділік деңгейі эко-

номикадағы инвестициялар табыстылығын анықтайды.

Көптеген дамушы елдер инфрақұрылымға құйылған үлкен инвестицияларға қарамастан, экономикалық өсуге қол жеткізе алмады. Бұл жағдай жалпы халықтың әл-ауқатын жоғарылату үшін қаражаттарды физикалық капиталға салу жеткіліксіз екендігін көрсетті. Соңында, мемлекет бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін басқа механизмдер табылды: білім беру және оқыту (немесе қазіргі экономистердің айтуынша адами капитал), технологиялық озықтылық, макроэкономикалық тұрақтылық, басқарудың жоғары дәрежесі, ашық және жақсы қызмет етуші институттар, нарыққа бағыттаушылық және т.б.

Сапалы жоғары білім қарапайым өндірістік процесстер және өнімдермен шектеліп қалмай, іргелі жүруге бағытталған экономиканы ұстанатын мемлекеттер үшін маңызды мәнге ие. Қазіргі әлемдік экономикадағы жаһандық үдерістер ұлттық экономикаларда болып жатқан өзгерістерге тез бейімделе алатын жоғары білімді мамандарды талап етеді. Ол үшін жоғары оқу орындарына түсу деңгейі, және білім сапасының әлемдік стандарттарға сәйкес келу дәрежесі және т.б. бағаланады.

Бүкіләлемдік экономикалық форумның (БЭФ) нәтижесі бойынша 2013-2014 және 2014-2015 жылдары Қазақстан екі жыл қатарынан 4,4 орташа баллмен 50 орында орналасты [1]. Сонымен қатар, еліміз жоғары дамушы мемле-

кеттердің қатарына қосылды, мұндай ауысу-дың басты себебі елде бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштерінде маңызды рөл ойнайтын құраушылар көлемінің өсуінде. Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі – үш суб-индекстерге және 9-12 топшаларға бөлінген жүздеген айнымалылардың құралады. Осы индекстер бойынша 2014 жылы Қазақстан келесідей нәтижелер көрсетті [2]:

1. Негізгі қажеттіліктер (қоғамдық институттар, инфрақұрлым, макроэкономика, денсаулық сақтау, бастауыш білім беру) – 39,3%;

2. Тиімділікті күшейткіштер (жоғары білім беру мен техникалық дайындық, нарықтық механизмдердің тиімділігі, технологиялық даярлық) – 50%;

3. Инновация және модернизация (бизнестің күрделі және новаторлық стратегияларды жүзеге асыру қабілеттілігі) – 10,7%.

Мемлекеттің бәсекеге қабілеттілік көрсеткішінің тағы бір рейтингісі болып Менеджмент дамуының халықаралық институты (IMD, Швейцария, Лозанна қаласы) табылады [3]. Бұл рейтинг тек әлеуметтік-экономикалық реформалар белсенді жүргізілетін және бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату бойынша мақсаттар қойылған мемлекеттер ғана іріктелінеді. ТМД елдері ішінде Лозанн институтының рейтингінде тек үш мемлекет қатысады – Қазақстан, Ресей және Украина. Бұл үш мемлекет ішінде Қазақстан алғашқы орындарда орналасуда.



1-сурет – Қазақстанның жоғары білім беру және кәсіби даярлық деңгейі бойынша БЭФ рейтингісі

IMD мамандары бәсекеге қабілеттілікті «мемлекеттің еркін және әділетті нарықтық қарым-қатынастар шарттарында халықаралық нарықтардың талаптарына жауап беретін тауарлар мен қызметтерді өндіре отырып, өз азаматтарының ұзақ мерзімді болашақтағы табыстарын аттыру және қолдау көрсете білу қабілеттілігі» деп анықтайды. Және бұл рейтингте де, ғылыми инфрақұрылым және білім секілді факторлар маңызды орынға ие.


IMD 60 мемлекеттердің зерттеушілік ұйымдарымен серіктесе отырып, әрбір мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін 329 көрсеткіштер бойынша бағалайды. Олар 20 субфакторларға топтастырылып, 4 факторларға біріктіріледі: «Экономикалық қызмет», «Үкімет тиімділігі», «Бизнес тиімділігі», «Инфрақұрылым». Ғылыми инфрақұрылым және білім соңғы факторға қосылады.

«Білім беру» – инфрақұрылым ұғымына қосылған соңғы субфактор және ұзақмерзімді бастамаларды айқындайтын бірден бір маңызды фактор болып табылады. Адами капиталға инвестиция – мемлекеттің инновациялық күші-

не әсер етуші басты фактор бола отырып, адами даму мен білімнің жетілуін қамтамасыз етеді. 2013 жылы Қазақстан жалпы білімді бағалау көрсеткішінде 56 мемлекеттердің ішінде 40 орынға тұрақталған, бірақ критерийлер бойынша еліміздің нәтижесі әрқелкі ауытқушылықты көрсетті.

Сарапшылардың айтуынша, 32 орын, Қазақстанның әлемдік рейтингтегі тұрақты позицияларда тұрғанын растайды.

Мемлекеттің университеттік білімін бағалау бойынша еліміз 50 орында, білім менеджменті бойынша 48 орын, экономикалық сауаттылық және халықтың білім деңгейі бойынша 38 орынға, шетелде оқыту көрсеткіші бойынша 12 орынға жайғасты [4]. Мемлекетіміз студенттердің шетелде жоғары білім алу бойынша бағдарламаларына толығымен жәрдем көрсетеді. Мұндай жәрдемнің ең танымал формасы «Болашақ» стипендиясы болып табылады. 2013 жылғы нәтиже бойынша ең көп тағылымдамалар: Ұлыбритания (112), Швейцария (51), Ресей (56), АҚШ (31) мемлекеттеріне бағытталды.



2-сурет – Қазақстан IMD бәсекеге қабілеттілік рейтингінде

Осылайша, жоғары білім жүйесінің қазіргі жағдайы мен оның экономикалық өсуге әсер ету деңгейіне жүргізілген анализ, Қазақстан үшін бәсекеге қабілеттіліктегі артықшылық болып жоғары білім және кәсіби дайындық табылатынына көз жеткізуге болады. Әлемдік рейтингтердегі еліміздің жақсы көрсеткіштеріне қарамастан, соңғы кездері өз позициясының жоғалуына әсер

ететін мәселелер туындап отыр. Біріншіден, білім жүйесінің сапасы бойынша Қазақстан алғашқы 100 мемлекет қатарына кіре алмай жатыр. Жоғары оқу орындары түлектерінің дайындық деңгейі әлеуетті жұмыс берушілердің болжамдарына сәйкес келмеуі, белгілі бір кәсіптерде мамандардың жетіспеуі байқалып, басқаларында түлектердің артықшылығы орын алуы, түлектер көлемі-

нің экономика және еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес келмеуі бұл жағдайдың басты себептері болып табылады. Білімге бөлінген қаражаттар тиімсіз пайдаланылады: бюджеттен бөлінетін қаражаттың көп бөлігі еңбек және коммуналдық төлемдерге жаратылса, материалдық-техникалық базаны жақсарту және инновацияға инвестиция құю қалдық принципі бойынша жүзеге асырылады.

Жоғарыда көрсетілген барлық мәселелер білімнің инновациялық дамуына әсер етуші факторларды анықтауға, сапалы білім беру бағыттарының тиімді жұмыс жасауына көмекте-

сетін жаңа модельдің қалыптастыру қажеттілігін тудырады.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында жоғары оқу орындары мен бизнес арасындағы стратегиялық серіктестіктерді көбейтіп, олардың тиімді жұмыс жасауына мемлекет тарапынан бақылау орнату қажет. Және бұл серіктестіктердің басты мақсаттары: адами капиталды дамыту, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, білікті мамандардың көбеюіне алғышарттар жасау және мемлекеттің бүкіл техникалық және гуманитарлық салаларын тиімді жоғары деңгейге көтеру болуы тиіс.

Әдебиеттер

- 1 ҚР инновацияларды дамыту және технологиялық жаңғыртуға жәрдемдесу жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы. ҚР Үкіметінің 2010 жылғы 30 қарашадағы № 1308 Қаулысы
- 2 Адами әлеуеттің даму индексі – зерттеу туралы ақпарат. – 2014 // <http://gtmarket.ru/rating/human-development-index/>
- 3 «ҚР білім беру жүйесінің статистикасы» Ұлттық жинақ. – 2014 // <http://edu.gov.kz/analytics>
- 4 The World Competitiveness Yearbook. International Institute for Management Development. – 2015 // <http://www.imd.org/wcc/news-wcy/ranking/>

References

- 1 KR innovatsialardy damyту zhane technologialik zhangyrtuga zhardemdesu zhonindegi 2010 – 2014 zhyldarga arналған bagdarlamany bekitu turaly. KR Ukimetining 2010 zhylygy 30 karashadagy № 1308 Kaulysy
- 2 Adami aleuetting damu indeksi – zertteu turaly akparat. – 2014 // <http://gtmarket.ru/rating/human-development-index/>
- 3 «KR bilim beru zhuiesining statistikasy» Ultyk zhinak. – 2014 // <http://edu.gov.kz/analytics>
- 4 The World Competitiveness Yearbook. International Institute for Management Development. – 2015 // <http://www.imd.org/wcc/news-wcy/ranking/>